

Ескерусіз қалған ер есімі



Екіталай күн туса елін қорғауға даяр тұрар ерлер қазақ жерінде қашанда аз болмаған. 1941—45 жылдардағы Ұлы Отан соғысында да қаншама қазақ ұлдары ерен ерлік көрсетті. Солардың арасында біздің өңірден шыққан екі батыр Нұркен мен Мартбек те бар. Екеуінің де ерлігі ел ішінде аңыз болып айтылады. Екеуін де жас ұрпақ мақтан етеді. Бірақ осы екі батырға бірдей құрмет көрсете алмай жүрміз. Мәселен, қалада Нұркен атында үлкен көше, ескерткіш және спорт комбинаты бар. Сондай-ақ туған ауылына есімі берілген. Ал Мартбекке қалада ескерткіш орнатылмаған. Атында ешқандай ғимарат жоқ. Майқұдықта бір ауданға аты берілген екен. Бірақ оны жұрт «Восток-5» деп атайды. Ал туған ауылына бір кезде Мартбек есімі берілген еді кейіннен ауыл бөлшектеніп батыр атымен аталмайтын болды. Сонда қалай, Мартбек батырдың бар айыбы майданнан тірі оралғандығы ма? Неге екі батырдың есімдерін бірдей ардақтамаймыз? Осы мақаланы жазар алдында жастардың бір тобынан Нұркен мен Мартбекті білесіңдер ме деп сұрау салып көрген едік. Сонда Мартбекті көбінің танымайтынын аңғардық. 80-жылдардың соңына дейін арамызда болған батырды жұрт ұмытуға айналған. Демек, оның есімін жүрегімізде мәңгі қалдырудың амалдарын кешіктірмей қарастырғанмыз жөн болар.

Батырдың өмірбаянына қысқаша шолу жасар болсақ, ол 1908 жылы Қарқаралы ауданында қазіргі Ақжол ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 16 жасында Қарқаралыдағы тұтынушылар қоғамында бақташылықтан бастайды. 1931-34 жылдары Қарағандыда шахтада забойшы, 1934-38 жылдары электрослесарь-механик, 1938-40 жылдары № 8, 9 шахталарда электрослесарь және монтер, кейіннен шахта кәсіподақ комитетінің төрағасы болған. Ал 1940-42 жылдары «Кировкөмір» тресі № 3 шахтасында партия жұмысын ұйымдастырушы қызметін атқарады. 1942 жылы майданға шақырылады. 1944 жылдың қыркүйегіне дейін 3-гвардиялық дивизияның 12-гвардияшы атқыштар полкында қатардағы жауынгер болады. 1943 жылы 29 қыркүйекте пулеметімен жауға оқты жаңбырша бората отырып алғашқылардың бірі болып Днепр өзенінен жау шебіне өтеді. Міне осы ерлігі үшін 1944 жылдың 15-қаңтарында Мартбекке Кеңестер Одағының батыры атағы беріледі. Соғыстан кейін батыр түрлі шаруашылық жұмыстарда болды. Қарағанды химия-металлургия институтында қызмет етті. 1989 жылдың қараша айының жиырмасында дүниеден қайтты. Мартбек Мамыраев батыр атағын алғандағы алтын жұлдызынан басқа «Құрмет белгісі» ордені, «1-дәрежелі Отан соғысы» ордені, көптеген медальдары және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің бес Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Қазіргі кезде батыр туған ауылдағы еңселі мұражай ішінде «Днепр қаһарманы» атты бұрыш бар. Аталған мұражайдың директоры Марат Ахметов Мартбек ерлігін жас ұрпаққа насихаттауда үлкен істер атқаруда. Ал осы мұражайдың негізін қалаған Рымкеш Қаныбаева мен Хамит Қойбағаров Ұлы Отан соғысы жеңісінің 60 жылдығына арнап кітап шығаруды жоспарлап отыр. «Бұл

кітапта ауылдың тарихы, әлеуметтік және мәдени тұрмыс тіршілігі сөз болады» дейді түрлі деректер жинаумен айналысып жүрген ауыл мектебінің мұғалімі — Алтынай Төкенқызы.



Біз «Ер есімі ел есінде» деген сөзді көп айтамыз. Бұл әрине дұрыс. Егер ерлер есімін асқақтатар елеулі істеріміз де көп болса тіпті жақсы болар еді.

Руслан ТҰРСЫНҒАЛИЕВ,
ҚарМУ-дың журналистика бөлімінің
1-курс студенті

<http://www.arka.medialaw.kz/index.php?r=11&c=377>